

*«Қазақстан халқына» Қоғамдық қор  
Қамқоршылық кеңесінің 2026 жылғы  
«22» 06 № 105 хаттамасына № 4 қосымша*

**«Қазақстан халқына» Қоғамдық қор  
Қамқоршылық кеңесінің 2026 жылғы  
«22» 06 № 105 шешімімен БЕКІТІЛГЕН**

**«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының  
білім беру гранттарын тағайындау үшін  
талапкерлерді іріктеу моделі**

1. Гранттар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында (бұдан әрі - ЖЖОКБҰ) күндізгі оқу нысаны бойынша беріледі. Қашықтан оқу форматында оқуға жол берілмейді.

2. ЖЖОКБҰ бойынша бөле отырып гранттар саны оқу жылына арналған Қордың Қамқоршылық кеңесі бекіткен оқу ақысының шекті сомасы мен стипендия мөлшерін ескере отырып, Қор Басқармасының шешімімен айқындалады.

3. Грантты тағайындауға үміткерлердің тізбесін қалыптастыруды ағымдағы күнтізбелік жылда ҰБТ-ны тапсырған және тиісті ЖЖОКБҰ-ға түсу үшін белгіленген өту балын жинаған (бар болған жағдайда шығармашылық емтихандардың нәтижелерін ескере отырып) талапкерлер қатарынан ЖЖОКБҰ жүзеге асырады.

4. Үміткерлердің тізбесін қалыптастыру Қордың гранттарын алушылар санатына қатыстылығын ескере отырып жүзеге асырылады. Гранттардың белгіленген көлемі асып кеткен кезде іріктеу алушылардың санаттары мен ҰБТ-ның конкурстық балы арасында теңгерімді бөлу негізінде жүзеге асырылады.

5. Үміткерлердің тізбесі мынадай құжаттарды қоса бере отырып, ЖЖОКБҰ конкурстық комиссиясының хаттамасымен рәсімделеді:

- 1) № 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім-сауалнама;
- 2) №2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша үміткердің келісім-хаты;
- 3) №3 қосымшаға сәйкес грант алушы санатына жататынын растайтын құжаттар;
- 4) ЖЖОКБҰ конкурстық комиссиясын құру туралы бұйрықтың көшірмесі.

6. Грант берілетін тұлғалардың тізбесі Қор Басқармасының шешімімен бекітіледі. Тиісті оқу жылына арналған гранттардың жалпы көлемі шегінде ЖЖОКБҰ арасында Гранттар санын қайта бөлуге жол беріледі.

«Қазақстан халқына»  
қоғамдық қорының білім беру  
гранттарын тағайындау үшін 2026  
жылға талапкерлерді іріктеу моделіне  
№ 1 қосымша

**«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру грантын тағайындау  
үшін үміткерді растайтын  
сауалнама-өтініш**

*(ЖЖОКБҰ атауы)*

*(ЖЖОКБҰ мекенжайы, байланыс деректері)*

|                                                                                                  |  |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| <b>Білім алушының Т.А.Ә.</b>                                                                     |  |
| <b>ЖСН</b>                                                                                       |  |
| <b>Облыс:</b>                                                                                    |  |
| Аудан                                                                                            |  |
| Қала                                                                                             |  |
| Кент                                                                                             |  |
| Ауыл                                                                                             |  |
| <b>ҰБТ (балл)</b>                                                                                |  |
| <b>ЖЖОКБҰ белгілеген оқуға түсу үшін өту балы</b>                                                |  |
| <b>Таңдалған факультет:</b><br>Білім беру бағдарламаларының тобы<br>Білім беру бағдарламасы (ББ) |  |
| <b>Оқу мерзімі:</b>                                                                              |  |
| <b>Ағымдағы оқу жылына арналған оқу сомасы</b>                                                   |  |
| <b>Қатысушы санаты*:</b>                                                                         |  |

**Ректор**

**Т.А.Ә.**

*Қолы*

**МО**

**Күні**

«Қазақстан халқына»  
қоғамдық қорының білім беру  
гранттарын тағайындау үшін 2026  
жылға  
талапкерлерді іріктеу моделіне  
№ 2 қосымша

**«Қазақстан халқына»  
қоғамдық қорының білім беру грантын тағайындауға үміткердің  
келісім-хаты**

Мен, \_\_\_\_\_,  
(үміткердің Т.А.Ә.)

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру грантын тағайындауға үміткер бола отырып, мен ұсынған мәліметтер толық, ал растайтын құжаттар дұрыс болып табылатынын растаймын.

Грант тағайындау шарттары мен өлшемшарттарымен таныстым. Мен көрінеу жалған ақпарат пен құжаттарды ұсыну конкурстан шығаруға әкелетінін білемін.

Конкурс қорытындылары бойынша «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының сайтында және «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру гранттарына байланысты басқа да дереккөздерде өзімнің дербес деректерімді (ТАӘ, ЖЖОКБҰ, мамандық, курс) жариялауға келісім беремін.

\_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_  
(қолы) (үміткердің Т.А.Ә.)

Күні: 20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының  
білім беру гранттарын тағайындау үшін 2026 жылға  
арналған талапкерлерді іріктеу моделіне № 3 қосымша

**Үміткердің  
«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының  
білім беру гранттары қатысушылардың санатына  
жататынын растайтын құжаттар**

| №  | Үміткер                                                                                  | Құжат                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. | Барлығына                                                                                | - нотариус немесе ЖЖОКБҰ куәландырған жалпы орта білім туралы аттестаттың көшірмесі (ауыл мектеп, шағын немесе моноқаладағы мектеп).<br>- талапкердің ҰБТ нәтижелерінің көшірмесі                                                                                                                                                                                                                              |
| 2. | Жетім балалар немесе кәмелетке толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар | Нотариус немесе ЖЖОКБҰ куәландырған:<br>- екі немесе жалғыз ата-ананың қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесі немесе ата-анасының жоқтығын растайтын өзге де құжаттар (ата-ана құқығынан айыру, оны шектеу, хабарсыз кетті деп тану, қайтыс болды деп жариялау, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп тану туралы сот шешімі);<br>- баланы патронаттық тәрбиеге беру туралы шарттың көшірмесі. |
|    | Мүгедектігі бар тұлғалар                                                                 | Нотариус немесе ЖЖОКБҰ куәландырған, ағымдағы жылға өзекті үміткердің мүгедектігі туралы анықтама (медициналық-әлеуметтік сараптама)                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|    | Мүгедек балаларды тәрбиелейтін отбасылардан шыққан тұлғалар                              | Нотариус немесе ЖЖОКБҰ куәландырған:<br>- үміткердің туу туралы куәлігінің көшірмесі және отбасы мүшесі қатарындағы мүгедектігі бар баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі (18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар баламен туыстық (қандас) байланысты растайды);<br>- ағымдағы жылға өзекті отбасында балалардың (18 жасқа дейінгі мүгедек баланың) мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесі                       |

\* Қажет болған жағдайда қор ЖЖОКБҰ-дан немесе үміткерлерден тікелей қосымша құжаттарды сұратуға құқылы